

ИНВЕКТИВТІ ЛЕКСИКА ТІЛДІК АГРЕССИЯНЫ БІЛДІРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ (Ш.МҰРТАЗАНЫҢ «ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ)

* Меттибаева С.А.¹, Досымбекова Р.²

*^{1,2} әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Инвективті лексика – адамның ар-намысын таптау, қорлау мақсатында жұмсалатын тілдік бірліктер. Мақалада тілдік агрессияны білдіретін инвективті лексикаға лингвистикалық сипаттама берілді. Мақаланың мақсаты, негізгі бағыттары мен идеяларына – осы мақалада берілген мысалдарды талдау барысында инвективті лексиканың агрессиялық бояуын қазақ романдарындағы тілдік бірліктер арқылы дәлелдеп көрсету. Инвективті лексиканың ашу-ыза үстінде айтылатын және мақсатты түрде адресантқа бағытталған түрлері бар. Мақалада инвективті лексиканың зерттелу тарихы мен оның қазіргі зерттелу аймағы анықталды. Тілдік агрессия дегеніміз – дұшпандықты, өшпенділікті білдіру үшін тілдік құралдарды қолдану, біреудің мақтанышын, қадір-қасиетін қорлайтын сөйлеу тәсілі, сондай-ақ адресаттың агрессивті әрекеттерге тікелей шақыруын білдіру, сұхбаттасушының агрессивті тонусын сақтау және сөйлеу құрылымы.

Мәтіндегі инвективті қарапайым экспрессиядан ажырату үшін, қорлау әрдайым адресатқа немесе үшінші тұлғаға бағытталған екенін есте ұстаған жөн. Сонымен қатар, тіл деңгейіндегі айыптау сөзінің белгілеріне мыналар жатады: сөйлеушінің ашулы үні, бұйрық (күшейту), жеке есімдіктерді қолдану. Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығына инвективті лексикаға қатысты отандық зерттеулердің қатарын толықтырып, талданған инвективтер негізінде олардың мән-мағынасы мен қолдану аясына қатысты түсінік пайда болады. Зерттеу әдіснамасының негізіне отандық ғалымдардың тұжырымдамалары мен теориялары алынған.

Инвективтерді талдау үшін Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романы алынды. Романда тап тартысы мен түрлі саяси-әлеуметтік қақтығыстар баяндалған. Берілген мысалдарға лингвоконцептуалдық талдау жасалды. Қазақ тілінде жиі қолданылатын ақымақ, иттің баласы, ит, атаңа нәлет, атауыңды іш, шірік, қақбас, сорлы, т.б. инвективтердің түпкі мәнін анықтап, оның экспрессиясы сараланды. Әдетте, инвективтер ашу, ыза, кек, өшпенділік, қорлау, менсінбеу, келемеждеу, намысына тию, ашындыру, т.б. мақсатында қолданылады. Зерттеудің нәтижесінде қазақ тіліндегі инвективтердің мағыналық топтары ажыратылды, агрессиялық күші талданды.

Тірек сөздер: инвективті лексика, тіл мәдениеті, лингвомәдениеттану, бейәдеп сөздер, тілдік агрессия, тілдік құбылыс, лингвоконцептуалдық талдау, сөйлеу құбылысы

Кіріспе

Бүгінгі таңда агрессия адамның түрлі салаларындағы өзара іс-қимылына елеулі әсер ете отырып, олардың мінез-құлқының маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Агрессия көріністерін зерттеу тек психология мен социология үшін ғана емес, ғылымның басқа да көптеген салалары үшін өзекті тақырып болып табылады.

Инвективті сөздер Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романында көп қырлы рөл атқарады. Олар тек қана қанағаттанбаушылықты білдіріп қана қоймай, сонымен қатар таптық күресті бейнелейді, әлеуметтік қайшылықтарды

көрсетеді, оқырманға кейіпкерлердің ішкі әлемін тереңірек түсінуге көмектеседі. Лингвоконцептуалдық талдау сөздің әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынас динамикасын жақсырақ түсінуге мүмкіндік беретін тарихи және мәдени контекстке ие екенін көрсетеді.

Бұл мақалада біз адамда агрессияның түрлі аспектілерін, оның түрлерін, пайда болу себептерін, салдарын және басқару тәсілдерін қарастырамыз. Агрессивті мінез-құлыққа әсер ететін мінез-құлық үлгілерін, әлеуметтік-мәдени факторларды талдау және көп қырлы құбылысты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда инвективті лексика мәселесі отандық және шетелдік зерттеушілердің назарын аударуда. Инвективті лексиканың еркін қолданудың артуы барған сайын байқалады, өйткені олар күнделікті өмірде ғана емес, көркем әдебиет пен публицистикада да жиі қолданылады. Бұл стильдердің құлдырауы мен араласуының жалпы тенденциясына ықпал етеді.

Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар халық дүниетанымын, менталитетін, тарихын, тұтас бір дүниенің суретін бере алатын әлеуеті бары айтылып жүр. Бұл тілдің коммуниктивтік қызметінен бөлек, когнитивтік, прагматикалық, дискурсивтік т.б. аспектісін айқындайды. Тіл – күрделі құбылыс. Ғасырлар бойы жинақталған, сұрыпталған тілдік бірліктерді өз орнында жұмсау, мағынасына сай қолдану тілдік ортада қалыптасқан нормаларға сай жүреді. Тіл бір қоғамның айнасы десек, қоғамдағы ой тазалығы, сөз тазалығы тіл тазалығына байланысты өрбиді.

Тіл мәдениеті арқылы адамдар арасындағы коммуникацияның жоғары дәрежеде өтуі, толеранттылықты сақтауы өз кезегінде әр ұлттың дүниетанымынан хабардар болуын қажет етеді. Осы орайда әлемдік жаһандандудың тілдік, менталитеттік, мәдени шекараларды ашып, қарым-қатынастың жеңілдей түскенін айта аламыз. Халықты терең түсіну үшін оның сөйлеу тілін зерттеу қажет. Күнделікті қолданыстағы тілдік бірліктер арқылы сол халықтың әлемнің тілдік бейнесін тани аламыз.

Кез келген коммуникация сөйлеу актісі арқылы өтетіні белгілі. Адресат пен адресанттың арасындағы коммуникацияның иллокутивті әсері коммуниканттар таңдап алған тілдік бірліктерге байланысты болады. Қазақ тілінде эмоционалды-экспрессивті лексикаға жаргон сөздер, диалектизмдер, тұрмыстық лексика, варваризмдер, вульгаризмдер, жалпы қолданыстағы лексика кіреді.

Зерттеушілер үндеу мен қорлаудың нақты шеңберін анықтауға қатысты көптеген сұрақтар әлі де бар екенін атап өтті. Осы құбылыстардың тілдік жағын нақтылау мақсатында «инвектив» ұғымы енгізілді. Ғалымдардың пікірінше, бұл лингвистикаға заң саласынан енген. Шетелдік сөздердің сөздігіне сәйкес, Н.С. Араповтың редакциясымен инвектив «бір адамға, не затқа қатысты ар-намысқа тиетін сөзге қарсы сөйлеу» деп түсіндірілген [1, 93 б.].

Инвектив сөз – «бір объектке балағат сөз айту, қорлау, дөрекі сөйлеу, қытығына тию» қайнар көзі латын тілінен шыққан: *invective oratio* – балағат сөйлеу [2, 35 б.]. Мәтіндегі инвективті қарапайым экспрессиядан ажырату

үшін, қорлау әрдайым адресатқа немесе үшінші тұлғаға бағытталған екенін есте ұстаған жөн. Сонымен қатар, тіл деңгейіндегі айыптау сөзінің белгілеріне мыналар жатады: сөйлеушінің ашулы үні, бұйрық (күшейту), жеке есімдіктерді қолдану.

Зерттеудің құндылығы және маңыздылығы инвективтік құбылыстың жеткіліксіз зерттелуіне, сондай-ақ инвективтік тілдік құбылысты зерттеу қажеттілігіне байланысты отандық ғылым материалдарының қатарын толықтыруға мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты инвективті лексиканың тілдік агрессияны білдіретінін анықтау және оны көркем шығармадан мысал келтіре отырып дәлелдеу.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Инвективті лексиканы талдау үшін зерттеуімізде Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романын негізге алдық. Романда алаш қайраткері Тұрар Рысқұловтың тұлға боп қалыптасу жолындағы түрлі тап тартысы мен саяси-әлеуметтік қақтығыстар баяндалады. Қазақ қоғамындағы тарихи оқиғалар олардың тілдік қолданыстарына да әсер еткен. Инвективті лексика ұрыс, дау-жанжал, саяси ойындарда жиі қолданатыны айтылды. Жазушы инвективтерді кейіпкерлерінің мінез-құлқын ашуда, оқиғаны шынайы суреттеу кезінде ұтымды қолдана білген. Әсіресе, қазаққа тән боқтық сөздер мен ар-намысқа тиетін сөздердің біраз түрін түрлі құрылымда жұмсаған. Мақалада инвективті лексиканы лингвоконцептуалдық зерттеу әдісі қолданылды. Берілген мысалдардан ұлттық дүниетаным мен пайымды тануға тырыстық.

Зерттеу материалдары: инвектива бойынша зерттелген ғылыми еңбектер, мақалалар талданып, мысалдармен дәйектелді.

Нәтижелер

Соңғы онжылдықта лингвистер инвективті лексиканы зерттеуге ерекше назар аударды. Бұл мәселенің себебін В.В. Посиделова стильдік қолданыстың төмендеуінен, яғни инвективті лексиканың тек ауызша сөйлеу тілінде ғана емес, публицистика мен көркем әдебиетте де жиі кездесетінін атап өткен [3, 13 б.]. Байқағанымыздай, тілдік нормадан уәжсіз ауытқудың салдарынан сөйлеу этикетінде де ереже бұзылып жатады. Тілші-ғалым А. Алдаш тілдік стильдердің араласып келуінен түрлі лексикалық ауытқулардың орын алып жатқанын айтқан болатын. Жалпы айтқанда тіл тазалығы адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, толеранттылыққа әсер ететіні анық.

Инвективті лексиканы лингвомәдениеттану, психология, криминалистика, әлеуметтану т.б. аралық пәндер зерттейді. Инвективті лексика тілдік бірлік арқылы танылғандықтан лингвистикада жан-жақты қарастырылған зерттеулер баршылық. Атап өтсек В.И. Карасиктің еңбегінде адамның әлеуметтік дәрежесіне лингвистикалық зерттеу жасаған [4, 256 б.].

Тіл білімінде инвективті көптеген зерттеушілер басқаша түсіндіреді. Сонымен, XX ғасырдың 90-шы жылдарының соңында В.И. Желвис инвективті сөйлеу құбылысына «қорлаушы коммуникация» анықтамасын береді, оны

жаман сөздермен синоним деп атайды [5, 349 б.]. Ғалым инвективті мәлімдеменің күші сөйлеушінің күйзеліс дәрежесіне тікелей байланысты екенін айтты. Бұл катарсис және тікелей айыптау болуы мүмкін. Алайда, В.И. Желвисте инвективті және оны қолдану жүйесін нақты ажырату жоқ.

Г.В. Кусковтың еңбегінде инвективті лексика және фразеологизмдер келтірілген. Зерттеушінің пікірінше, қорлайтын сөздің негізін тезаурус құрайды. Ол оларды 3-ке бөледі: тентек әдеби, ауызекі сөйлеу және жалпы, кітап лексикасына қатысты [6, 27 б.]. А.Ю. Позолотин оның алдындағы толқын сияқты, сөйлеудің инвективті түрінен қарғыс түрін көреді. Ғалым айыптау сөздерінің семантикасына баса назар аударып, олардың тікелей және метафоралық мағынаға ие болуы мүмкін екенін атап өткен [7, 36 б.].

А.В.Курьянович лингвистикалық инвективтегі контексттің маңыздылығын атай отырып «бұл сөз олардың қасиеттерін қабылдауға қабілетті бейтарап, эмоционалды түсті басқа лексемалармен қоршалған» деп қорытындылайды [8, 109].

Н.Д. Голевтің еңбектерінде «инвектив» термині жанжалдың сөйлеу жанрының синонимі ретінде қарастырылады. Мысал ретінде В.М. Шукшиннің стилі көрсетілген. Оның шығармаларындағы кейіпкерлердің тілін зерттеу авторы кейіпкерлердің сөйлеуін көркемдік жобалау мәселесін шешу тәсілі ретінде қарастырады. Олардың барлық әңгімелері қарапайым және сонымен бірге сенімді [9, 159 б.].

Инвектив - кейінгі уақытта енген термин. Осы уақытқа дейін табуланған лексика, бейәдеп сөздер, нормаға түспеген лексика, т.б. деген атауларға ие болып келді. Г. Мамаева «Ерлер мен әйелдердің сөз қолданыстарындағы тілдік ерекшеліктер» атты диссертациясында инвективті лексикаға қатысты қазақ тілінде ерлер де, әйелдер де инвективтердің белгілі бір жиынтығын таңдайтынын, ал инвективті лексика - ерлер мен әйелдердің қолдануында инвективтерге бөлінетінін айтады. Ер адамдар ашуланғанда, өшіккенде, ренжігенде, инвективтерден тұратын сөздік қорын пайдаланады немесе қол көтереді. Мұндай жағдайда әйелдер балағат сөздер мен қарғыс сөздерді айтуды жөн көретінін жазады. [10, 150 б.].

Зерттеуші Р.А.Төреханова, У.Г. Анесова «Қазіргі қазақ қоғамындағы ер-жігіттің рөлі мен бейнесі» атты мақаласында ерлердің сөйлеу тіліндегі инвективті лексикаға тоқталған. Осы зерттеуде инвективті лексиканың ұлттық бояуы бары айтылады. Яғни бір ұлтта теріс мағынада қабылданатын сөз басқа ұлттың дүниетанымында мүлдем басқаша қабылданады екен. Осындан келіп, ұлттық ерекшелікті танытатын тілдік бірліктер қатарына инвективті лексиканы жатқызуға болатынын көреміз [11, 74 б.].

Инвективті лексиканы тілдік агрессияның құралы ретінде тану лингвокриминалистика бағыты бойынша жіті зерттеліп жүр. Тілдік агрессия – бұл «ренішті сөз айту, жағымсыз көңіл-күй, сезім немесе ниеттің сол сөйлеу жағдаятында ерсі, дөрекі, анайы тілдік қалыпта білдірілуі». Зерттеушілер тілдік агрессияның екі түрін ажыратады: бірі - адамның эмоциясын, оның ішінде ашу-ыза, өкпе-реніш, кек, т.б. сияқты жағымсыз күйді таныту мақсатында болса, екіншісі адресантқа бағытталған кемсіту мен қорлау

коннотациясы бар инвективтер. «Қорлау және жала жабу: сарапшының көзқарасы» оқу құралында А.Қ. Таусоғарова инвективтердің екінші қызметіне қатысты «айырықша ниет» деген атау берген.

Тілдік агрессия дегеніміз-дұшпандықты, өшпенділікті білдіру үшін тілдік құралдарды қолдану, біреудің мақтанышын, қадір-қасиетін қорлайтын сөйлеу тәсілі, сондай-ақ адресаттың агрессивті әрекеттерге тікелей шақыруын білдіру, сұхбаттасушының (оқырманның, тыңдаушының) агрессивті тонусын сақтау және сөйлеу құрылымы. Сөйлеу агрессиясы жанжалды және өзін фатикалық және публицистикалық дискурс жанрларында ашады. Ғалымдардың пікірінше, сөйлеу агрессиясы қазіргі қоғамда интолерантты функцияны орындайды, сөйлеу мінез-құлқының үйлесімді түрін бұзады. Тілдік агрессияда да, тілдік зорлық-зомбылықта да біз тілдік (ауызша) құбылысқа тап боламыз.

Бұл инвективті лексиканы тікелей қарым-қатынаста, көркем әдебиетте де, бұқаралық ақпарат құралдарында да белсенді қолдануда көрінеді. Көптеген зерттеуші қазіргі тұлғааралық қарым-қатынас кеңістігіндегі қарым-қатынасқа қатысушылар арасындағы дұшпандық, агрессивтілік қатынастарын күшейтуге назар аударады. Г.В. Кожевникова тілдік агрессия деп «этникалық және конфессиялық топтарға немесе олардың өкілдеріне қатысты кез келген қате мәлімдемелерді» түсінеді [12, 95 б.].

Талқылау

Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романы, 1-томында Тұрардың әкесі Рысқұл жайында баяндалады. Рысқұлдың арпалысқа түскен өмірі мен бала Тұрардың сергелдеңге түскен балалық шағы оқырманды бей-жай қалдырмайды. Ауыл кедейі Рысқұлдың кім екендігі егжей-тегжейлі ашылып, оның тап тартысына деген көзқарасының оянар кезеңі сәтті суреттелген. Оқиға ХІХ ғасырда болған.

Қазақта «тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» деген мақал бар. Сөздің құдіретін, киесін, түп төркінін жастайынан жете меңгерген адам тілдік коммуникацияда сөзді өз орнында қолдануға дағдыланған. Романнан инвективтерді адамның ар-намысын таптау, қорлау, келемеждеу, мүсіркеу, қарғау, т.б. мәнде қолданған. Әсіресе, ит сөзіне қатысты бірнеше түрін келтірген.

- *О, маңқа ит, мен осал болғанда, сен пысық болып не бітірдің?*

- *Қап, маңқа ит, сені ме! -болыстың оң қолы боржық Таубай Шыныбекті жалаңбастан тартып кеп жібергенде, Қорған ұста шыдай алмай, шабарманның қолынан жұлып алып, күмістеген тобылғы сабын шырпы сындырғандай қақ бөліп, аулаққа лақтырып жіберді.*

- *Әй, қалтырауық ит, көрмеймісің, төре баладан жауап алып тұр ғой. кет былай!- деп Таубай старшын Үсіпті кеудесінен итеріп-итеріп жіберді.*

- *Ажалы жоқ екен иттің күшігінің,- деп кіжінді болыстар тобына сырттан қосылған Таубай.*

- *Көзіңе қара! Немене ит көрген ешкідей ежірейе қалдыңдар*

- *Иттің баласы! Тұмсығыңмен тазала мына жерді!*

- *Әй, Қодар ит, - деп бағанадан бері үндемей тұрған Рысқұл сөзге араласты.* [13, 160 б.]

- *Әне!- деді Таубай старшын қамшымен Тұрарды кезеп. -Бөрінің бөлтірігі, иттің күшігі сол. Ұста,Мақаш. Тарт иттің баласын! Далаға шығарып бауыздап жібер! Мына күнді де алып шық!*

Ит – қазақ ұғымында жеті қазынаның бірі. Алайда итті тек белгілі бір мақсатпен ғана ұстау керек: аң аулауға, бақташылыққа, үй қоруға. Олай болмаған жағдайда мұсылман адамның жиған сауабы күн сайын кеми береді. Иттің сілекейі тиген ыдысты бір рет құммен тазалап, жеті рет сумен жуған. Осындай шарият заңға сәйкес ұлттық санада жасаған ісі ұнамсыз болғанда «ит екенсің» деген теңеу қалыптасқан.

Маңқа ит - адресантты менсінбеу, кемсіту мағынасында жұмсалып тұрған инвектив. Маңқа - бірінші мағынасында жылқы малында кездесетін ауру түрі. Сонымен қатар, қырғыздардың «маңқа қазақ» деп атайтыны бар екен. Маңқа сөзінің ар-намысқа тиетіні туралы «Маңқа қазақ» деген сөз тіркесі үшін журналист сотқа тартылды» мақаласында айтылған. Байқағанымыздай, ит сөзі өзі ғана жұмсалмай маңқамен тіркесіп инвективтің экспрессиялық-бағалауыштық күшін арттырып тұр. Маңқа деп мұрнымен сөйлейтін адамдарға қатысты да айтады. Бұл тілдік қолданыста да адамды кемсіту, келемеждеу, төмен санау, сынау жатыр. Маңқа ит инвективін қолдану арқылы инвектор адресанттың өзіне деген сенімділігін өшіруді көздеп тұр.

Қалтырауық ит - адресанттың әлсіздігін сынау үшін жұмсалған инвектив. «Бай байыған сайын қалтырауық келеді», «Жыланға түк біткен сайын қалтырауық келеді» деген мақалдың мағынасында бай байыған сайын байлығы үшін қорқады, қалтырап, дірілдеп үнемі үрейде жүреді дегенге саяды. «Ит» сөзінің өзі инвектив бола тұра оған қалтырауық сөзін тіркеп сөздің коннотативтік бояуын қалыңдатып тұр.

Қодар ит - адресанттың жауыздығын әшкерелеп тұрған инвектив. Қазақ әдебиетінде біз білетін екі Қодар бар: бірі - келінімен жақындасты деп айыпталған Қодар, екіншісі - Қозы мен Баянның арасына түскен Қодар. Екі образдың да қазақ дүниетанымында жағымсыз бағалауыштық мән беретіні анық. Романда Рысқұл Сақа палуан деген кісіге қарата *Қодар ит* инвективін қолданған. Бұл өз руластарына қарсы шыққан Сақаның көргенсіздігін, ақымақтығын әшкерелеп, сөзбен мысын басу үшін жұмсалып тұр. Сақа палуан -күші мықты болғанмен, ақылы таяз кейіпкер. Жазушы кейіпкердің осы бір ұятты қылығын «Қодар ит» деген бір теңеумен дәл суреттеген.

Қазіргі заманда да жиі қолданылатын «иттің баласы», «иттің күшігі» деген инвективтердің түп тамырын иттің ислам дініндегі статусына қатысты пайымдауға болады. «Ит» ұғымы кейде «арам» деген мәнге интерпретацияланады. Яғни, ит ішкен су арамдалады, сілекейі тиген ыдыс арам болады, иттің етін жеу де арам болып саналады. Осындай жағымсыз мәнде Рысқұлдың баласы Тұрарға иттің баласы, иттің күшігі, бөрінің бөлтірігі деген инвективтерді қарата айтқан. Бұл атаулардың астында тұқымына тартқан бала, әкесі қандай болса, баласы да сондай деген жек көру сезімімен қатар,

сүйсіну де қатар жатыр. Алайда түсінген адамға өзін адам емес, арам итке балағаны намысқа тиетіні анық.

Бөрінің бөлтірігі - адамды төрт аяқтыға теңеген инвектив. «Қазақ әдеби тілінің анықтамалығында»: адамға байланысты қолданылатын «иттің күшігі» және «бөрінің бөлтірігі» деген метафоралық тіркестердің беретін эмоционалды-экспрессивті реңкі әртүрлі. Халқымыздың онтологиялық нормасына сәйкес иттің күшігі тіркесі жағымсыз сипат берсе, бөрінің бөлтірігі метафоралық тіркесі өжеттік, қайсарлық, бірбеткейлік қасиеттерді байқатады». Жазушы Ш.Мұртаза Тұрардың қайсарлығы әкесі Рысқұлға ұқсағанын осы сөзбен білдіргісі келген. Инвектор адресанттың ар-намысын таптау үшін қолданып тұрса да, астарында сүйсіну, таңдану бар сияқты.

- Ей, шірік, әнеукүні көкпарда сені масқара етіп кеткен осы емес пе еді?

Шірік - кемсіту мағынасында қолданылған инвектив. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде шірік - сын. ауыс. Еш нәрсеге жарамсыз, жасық, ез, былжыр (адам). – Өй, жасық туған шірік! Сенің өкімет болған неңді алды. Тұр әрі сүміреймей! [13, 123].

- Әй, шірік томар, о бастан-ақ осал едің.

Мына мысал бастан-аяқ ар-намысқа тиетін сөздерден құралған. жазушы екі сөзді біріктіріп, өзі шірік, өзі томар адамды көз алдымызға әкеледі. Томар - кесілген ағаштың кепкен түбірі. Томарды жасы келген, қартайған, дәрменсіз, қазына емес, базына айтатын қартаң кісіге қатысты да қолданған.

-Кәне, қақбас, інің қайда, қаніпезер, қашқынініңді қайдап тығып қойдың!?- деп алқымынан алғаны батып кетті.

Қақбас - қазіргі уақытта жасы келген адамға айтылатын құрметсіздікті танытатын инвектив. Түсіндірме сөздікте екі түрлі мағынада келеді: баласыз жалғыз адам; жалмауыз, сұмырай. Қақбас сөзіне қатысты Жетісу газетінде мынадай түсініктеме берілген. «Қақбас» сөзін қақ жарып көрсең, еш артық әріпсіз «Қақ+бас» болып бөлінетіні анық. Бұл ретте соңғы «бас» сөзінің мәні аян болғасын, алдыңғы «қақ» сөзіне көңіл бөліп көрелік. Қақ – ол моңғол тілінде «жалғыз» деген мағынаны білдіреді. Яки, «қақбас» сөзі «қубас», «жалғыз бас» деген мағына берген бұрын. Осыдан барып «қақбас» сөзі біздің қазаққа ең жаман боқтық сөзінің бірі ретінде ауызекі тілде тарап кеткен. Алайда бұл ашу үстінде айтылғанмен, көбіне-көп біз айтқандай айтылушысын тура таппаса, іштей опық жегізіп тынатын «қарғыс» сөз есебінде қаралған. «Ой, қақбас» деу – «жалғыз қалғыр», «қу басы сопайғыр» деп келетін қарғыс сөздермен мәндеседі. Романда кейіпкер ауылдың сыйлы ақсақалы Ахатқа қарата осы сөзді қолданған. Бұл құрметсіздіктің шыңы деуге болады.

- О, дәу, жараған бурадай бұрқырап неғып отырсың?

Инвектор бір емес, екі инвективті қолдана отырып, адресанттың қылығын келемеждеп, намысына тиіп тұр. Дәу - үлкен, ірі деген мағынаны білдіретін диалект сөз. Оқиға оңтүстік өңірде болғандықтан жазушы осы сөзді мақсатты түрде қолданды десек те, дәу деген сөздің адамның дене болмысына қатысты сыни тұрғыда жұмсалғаны анық аңғарылады. Жараған бурадай тіркесі бураның табиғат заңына сай физиологиялық күйін суреттейді. Бура - түйенің

еркегі. Бұл кезеңде бура өте ашушаң болып келеді. Ал бура қаңтар айында жарайды, яғни ұрпақ жалғастыруға дайындалады. Аузынан ақ көбігі бұрқырып, тістері сықырлап, тіптен адамға шабатындары да бар. Адамның қатты ашу үстінде отырғанын суреттеу үшін жараған бурадай тіркесі қолданылады.

Шіріген жұмыртқасың да сен, намысы жоқ...

Шіріген жұмыртқа - үмітті ақтамаған ұрпаққа қатысты айтылатын инвектив. Қазақтың ру-руға бөлініп, бір-бірімен талай қақтығыс болғанын тарихтан да, көркем әдебиеттен де оқып біліп отырмыз. Рулар арасындағы бөлініс, жақтырмау, кемсіту, мазақ қылу қазіргі қазақ қоғамында өкінішке орай әлі де бар. Романда кейіпкер өз руластарын қарсы келген ағайынға шіріген жұмыртқасың деді. Бұл - түсінген адамға өте ауыр сөз.

- Атаңа нәлет, ақымақтар! - деді Сақан палуан орнынан қамшының сабына сүйеніп тұра беріп. - Сіңірі шыққан кілең қу сирақ! Ел дейді мұны, ел болмай ебелек болып ұшып кеткір. Күміс ер сенің не теңің, өңшең сорлы. Қу ағашын құшақтап жатыңдар. Қап, бәлем! Тұра тұр! Аяғыма ертең өздерің келіп жығыласыңдар. Жығылтар болыс. Жақсылықты білмеген өңшең тобыр. Қарақойыннан айдап шықса, қаңғып кетерсің, түге! [13, 145 б.]

Инвективті лексика мағынасына қатысты қазіргі зерттеушілердің еңбектерінде кең мағынасында, адамның жеккөрушілік сезімі мен агрессияның мүмкіндігінше қорлау ретінде қабылданатын кез келген тілдік көрінісі (біреуге қатты сөз айту ғана емес және тар мағынасында, кодталмаған (тыйым салынған) құралдармен адамды қорлайтын атау деген тұжырым бар. Жоғарыда келтірілген мысалда қорлау да, жек көру де, қарғыс та, өшпенділік, т.б. сезімдер араласып келген. Осы мысалдағы «атаңа нәлет» тіркесіне тоқтала кетейік. Қазақта лағынет деген сөз бар, мағынасы «Жек көрген адамға, жауына айтылатын жаман тілек; қарғыс». Атаңа лағынет тілесен, қарғысы оның жеті ұрпағына кетеді, демек, «Атаңа нәлет» тіркесінің түпкі мәні - ата-анаң Алланың мейірімінен жырақтап қалсын, ата-бабаң Алланың мейірімі түспесін деген жаман мағынаны білдіреді», деп пайымдаған. Атаңа нәлет инвективі - қарғыс мәнді ауыр сөз.

Ақымақ сөзі қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде жөн білмейтін ессіз, ақылы аз. Ой-өрісі нашар, ақылға көнбейтін, ұнамды қасиеттерден жұрдай, жөн білмейтін адамға қарата айтылатын сөз деп түсініктеме берілген. Ақымақ - араб тілінен енген сөз. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде ессіз, жөн білмейтін, парықсыз адам; сана-сезімі жұтаң, ақылы аз адам деп берілген. Ересек адамның намысына тию үшін айтылатын бұл сөздің қазір салмағы жеңілдеп кеткен сияқты көрінеді. Романда ел ағасы боп қалған бір ауылдың атқамінерлеріне қарата айтылып тұр. Автор осы инвектив арқылы инвектордың ашынған күйін көрсеткісі келген. Сонымен қатар, сіңірі шыққан кілең қу сирақ, өңшең сорлы, өңшең тобыр инвективтері менсінбеу, кемсіту мағынасында айтылып тұр. Кілең, өңшең жинақтау мәндегі сөздер бір топқа қарата айтылғанда қолданылады. Мысалы, - *Өңшең сорлы, - деді ол түрегеліп есін жиган соң өз туыстарына кекесін зілмен көз тастап:- Ажалды қарға өңшең.*

Қазақта «Кереңді же де, атауыңды іш» деген өте ауыр сөз бар. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде «атау - адамның жаны шығар алдында ішкен ең соңғы суы; атау-кере деп жазылған. Яғни адамға «атауыңды ал, бұл соңғы асың болуы мүмкін» деп үрей мен қорқыныш ұялататын тілдік агрессияның бірі ретінде келіп тұр.

- *Мә, мына атауыңды ал!* - деген зекіме дауыс естілді [13, 154 б.].

Ас - адамның арқауы болса, атау-кере - соңғы дәм-тұзы. Жоғарыдакелтірілген мысалдар бір немесе бірнеше адамдарға қарата айтылған қаратпа сөздер ретінде келсе, атауыңды іш инвективінде іс-әрекетті жасату арқылы адамды қорлау бар.

Қорытынды

Эмоционалды-экспрессивті лексикаға жеке-жеке тоқталған Ш.Нұрғожина: «халықтың ауызекі сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздердің экспрессиясы күшті болып келеді. Сондықтан олар ешбір өзгеріссіз сол қалпында кейіпкерлер тілінде беріледі» деген болатын [14, 145 б.]. Біз де зерттеуімізде қарапайым халықтың сөйлеу тіліндегі тілдік бірліктерде инвективті Лексиканың үлгілерін ала отырып, олардың қызметтерін саралауға тырыстық. Ш. Мұртаза шығармасынан тандап алынған инвективтердің ашуыза үстінде айтылған сөзден бөлек, мақсатты түрде тыңдаушыға бағытталған ар-намысына тиетін тілдік бірліктерді жиі қолданғанын байқауға болады. Өйткені оқиға қақтығысқа құрылған деген тұжырым жасаймыз.

Осылайша, біз инвективті адресатты қорлау, ренжіту мақсатында қолданылатын лексикалық бірлік ретінде анықтаймыз. Инвективте коммуникативті әрекеттің бұзылуының белгісі бар екені анық, олар жағымсыз сезімдерді вербализациялауға ықпал етеді, кейіннен адресаттың қорлауына, ренішіне және қорлауына айналады.

Алғыс айту

Авторлар осы мақаланы жазуға көмектескен Әулие Климент Охридский атындағы София университетіне және профессор Г.Петковаға алғыстарын білдіреді. Жоба атауы: SUMMIT София университеті Инновациялар мен технологиялық трансферттің серпінін белгілеу: 3.3 Халықаралық қызмет.

ӘДЕБИЕТ

[1] Словарь иностранных слов / Под ред. Н. С. Арапова, Р. С. Кимягорова и др. – М., 1999. – 93 с.

[2] Қорлау және жала жабу: сарапшының көзқарасы. / Жауапты ред. Г.Х. Әженова. – Алматы: «Әділ сөз», 2013 – 152 б.

[3] Посиделова В.В. Лингвистический и правовой аспекты инвективной лексики русского языка// Философия права. – 2016. – №2. – С.13–18.

[4] Карасик В. И. Язык социального статуса. –М., 1992.–256с.

[5] Жельвис, В. И. Поле брани. Сквернословие как социальная проблема / В. И. Жельвис. – 2-е изд. доп. – М.: Ладомир, 2001. – 349 с.

[6] Кусков Г. В. Оскорбление как иллокутивный лингвокультурный концепт: автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.05.04 / Кубанский гос. технологич. ун-т. – Волгоград, 2004. – 27 с.

[7] Позолотин А. Ю. Инвективные обозначения человека как лингвокультурный феномен (на материале немецкого языка): автореф. дис. ... канд. филол. наук: 30.06.05. – Волгоград: Волгоградский гос. пед. ун-т., 2005. – 36 с.

[8] Курьянович А. В. Инвективные речевые жанры в пространстве современной межличностной коммуникации / А. В. Курьянович // Вестник Томского государственного педагогического университета: сборник науч. ст. Серия: «Гуманитарные науки. Филология». – Томск: Изд-во ТПУ, 2005. – №3(4). – С. 106–112.

[9] Голев Н. Д., Лебедева, Н. Б. Речевой жанр ссоры и конфликтные сценарии в рассказах В.М. Шукшина [Текст] / Н. Д. Голев, Н. Б. Лебедева // Юрислингвистика-2: русский язык в его естественном и юридическом бытии: межвузовский сборник науч. ст. – Барнаул: Изд-во Алтайского гос. ун-та, 2000. – №2. – С. 158–171.

[10] Мамаева Г.Б. Ерлер мен әйелдердің сөз қолданысындағы ерекшеліктер [гендерлік зерттеулер]: филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2003. – 150 б.

[11] Төреханова Р.А., Анесова У.Г. Қазіргі қазақ қоғамындағы ер-жігіттің рөлі мен бейнесі // Хабаршы. Филология сериясы.–2021. – №2(182). – Б.74–80.

[12] Кожевникова Г. В. Язык вражды: Типология ошибок журналиста // Прикладная конфликтология для журналистов. – М., 2006. – С. 95-98.

[13] Мұртаза Ш. Таңдамалы шығармалар жинағы. 1-кітап: Қызыл жебе. Рысқұл. – Алматы, 2012. –224 б.

[14] Нұрғожина Ш.И. Эмоционально-экспрессивная лексика казахского разговорного языка: дисс. на соискание уч. степ. канд. филол. наук. – Алматы, 1989. – 145 с.

REFERENCES

[1] Arapova N. S., Kimyagarova R. S., i dr [Eds.]. Slovar' inostrannyh slov [Dictionary of Foreign Words]. – Moskva, 1999. – 93 s. [in Rus.]

[2] A'zhenova G. H. [Ed.] Qorlau zhane zhala zhabu: sarapshynyn kozqarasy [Insults and slander: the expert's point of view]. – Almaty: Adil soz, 2013. – 152 b. [in Kaz.]

[3] Posidelova V.V. Lingvisticheskij i pravovoj aspekty invektivnoj leksiki russkogo yazyka [Linguistic and legal aspects of the invective vocabulary of the Russian language] // Filosofiya prava. – 2016. – №2. – S. 13-18. [in Rus.]

[4] Karasik V. I. Yazyk social'nogo statusa [Language of social status]. – Moskva, 1992. – 256 s. [in Rus.]

[5] Zhel'vis V. I. Pole brani. Skvernoslovie kak social'naya problema [The battlefield. Profanity as a social problem]. – М.: Lodomir, 2001. – 349 s. [in Rus.]

[6] Kuskov G. V. Oskorblenie kak illokutivnyj lingvokul'turnyj koncept [Insult as an illocutionary linguocultural concept].: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk: 10.05.04. – Volgograd: Kubanskij gos. tekhnologich. un-t, 2004. – 27 s. [in Rus.]

[7] Pozolotin A. Y. Invektivnye oboznacheniya cheloveka kak lingvokul'turnyj fenomen [na materiale nemeckogo yazyka [Invective designations of a person as a linguocultural phenomenon (based on the material of the German language)]: avtoref. dis. ... – Volgograd: Volgogradskij gos. ped. un-t., 2005. – 36 s. [in Rus.]

[8] Kur'yanovich A. V. Invektivnye rechevye zhanry v prostranstve sovremennoj mezhlichnostnoj kommunikacii [Invective speech genres in the space of modern interpersonal communication] // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta: sbornik nauch. st. Seriya: «Gumanitarnye nauki. Filologiya». – Tomsk: Izd-vo TPGU. – 2005. – №3(47). – S. 106-112. [in Rus.]

[9] Golev N. D., Lebedeva N. B. Rechevoj zhanr ssory i konfliktnye scenarii v rasskazah V.M. SHukshina [The speech genre of quarrels and conflict scenarios in the stories of V.M.

Shukshin] // Yurislolingvistika-2: russkij yazyk v ego estestvennom i yuridicheskom bytii: mezhvuzovskij sbornik nauch. st.. – Barnaul: Izd-vo Altajskogo gos. un-ta, 2000. – №2. – S. 158-171. [in Rus.]

[10] Mamaeva G.B. Erler men ajelderdin soz qoldanysyndagy erekshelikter (genderlik zertteuler) [Features in the word usage of men and Women (Gender Studies)]: filologiya gylymdarynyn kandidaty darezhesin alu ushin dajyndalghan dissertaciya. – Almaty, 2003. – 150 b. [in Kaz.]

[11] Terekhanova R.A., Anesova U.G. Qazirgi qazaq qogamyndagy er-zhigittin roli men bejnesi [The role and image of a man in modern Kazakh society] // Habarshy. Filologiya seriyasy. – 2021. – №2[182]. – B. 74-80. [in Kaz.]

[12] Kozhevnikova G. V. Yazyk vrazhdy: Tipologiya oshibok zhurnalista [The language of enmity: Typology of journalist's mistakes] / Prikladnaya konfliktologiya dlya zhurnalistov. – M., 2006. – S. 95-98. [in Rus.]

[13] Murtaza Sh. Tandamaly shygarmalar zhinagy [Collection of Selected Works] / 1-kitap: Qyzylyzhebe. Rysqul. – Almaty, 2012. – 224 b. [in Kaz.]

[14] Nurgozhina Sh.I. Emocional'no-ekspressivnaya leksika kazahskogo razgovornogo yazyka [Emotional-expressive vocabulary of the Kazakh colloquial language]: diss. na soiskanie uch. step. kand. filol. nauk. – Almaty, 1989. – 145 s. [in Rus.]

ИНВЕКТИВНАЯ ЛЕКСИКА КАК СРЕДСТВО ВЫРАЖЕНИЯ ЯЗЫКОВОЙ АГРЕССИИ (НА МАТЕРИАЛЕ РОМАНА Ш. МУРТАЗЫ «ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ»)

*Меттибаева С.А.¹, Досымбекова Р.²

*^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы,
Казахстан

Аннотация. Инвективная лексика - языковые единицы, используемые с целью растоптать, унижить человеческое достоинство. В статье дана лингвистическая характеристика инвективной лексики, выражающая языковую агрессию. Научная цель, основные направления и идеи исследования – в ходе анализа приведенных примеров, обосновали важность в казахских романах агрессивной окраски инвективной лексики. Существуют виды инвективной лексики, которые выражаются в гневе и целенаправленно нацелены на адресата. В статье определены история изучения инвективной лексики и область ее применения в настоящее время. Языковая агрессия - это использование языковых средств для выражения враждебности, ненависти, способ высказывания, оскорбляющий чужую гордость, достоинство, а также выражение прямого призыва адресата к агрессивным действиям, поддержание агрессивного тона собеседника и структуры речи.

Чтобы отличить инвективу в тексте от простого выражения, важно помнить, что оскорбление всегда адресовано адресату или третьему лицу. Кроме того, признаки обвинительного слова на уровне языка включают: гневный тон говорящего, приказ, использование личных местоимений. Научная и практическая значимость исследования заключается в дополнении ряда отечественных исследований в отношении инвективной лексики, а также понимание сущности и сферы применения анализируемых инвектив. В основу методологии исследования положены концепции и теории отечественных ученых.

Для анализа инвективных слов при написании статьи был взят за основу роман Ш.Муртазы «Қызыл жебе» («Красная стрела»). В романе описаны классовая борьба и различные политико-социальные конфликты. Был проведен лингвоконцептуальный анализ приведенных примеров. Таким образом, были получены такие результаты: в казахском языке часто употреблялись слова: «глупый», «собачий», «будь ты проклят», «гнилой», «жалкий» и т.д., которые определяли конечную сущность инвектив, дифференцировали их выражение и экспрессию. Как правило, инвективы используются с целью гнева, мести,

ненависти, унижения, презрения, насмешек. В результате исследования выделены смысловые группы инвектив в казахском языке, а также проанализирована агрессивная сила.

Ключевые слова: инвективная лексика, языковая культура, лингвокультурология, ненормативная лексика, языковая агрессия, языковой феномен, лингвоконцептуальный анализ, речевой феномен

INVECTIVE VOCABULARY AS A MEANS OF EXPRESSING LINGUISTIC AGGRESSION (BASED ON THE NOVEL BY SH. MURTAZA «KYZYL ZHEBE»)

*Mettibayeva S.A.¹, Dossymbekova R.²

*^{1,2} al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. Invective vocabulary – linguistic units used to trample, humiliate human dignity. The article gives a linguistic characteristic of invective vocabulary, expressing linguistic aggression. The scientific goal, the main directions and ideas of the study - in the course of analyzing the examples given, substantiated the importance of aggressive coloring of invective vocabulary in Kazakh novels. There are types of invective vocabulary that express themselves in anger and purposefully target the addressee. The article defines the history of the study of invective vocabulary and the scope of its application at the present time. Language aggression is the use of linguistic means to express hostility, hatred, a way of speaking that offends someone else's pride, dignity, as well as the expression of a direct call of the addressee to aggressive actions, maintaining the aggressive tone of the interlocutor and the structure of speech.

To distinguish an invective in a text from a simple expression, it is important to remember that the insult is always directed at the addressee or a third party. In addition, language-level indictments include: the speaker's angry tone, the order, the use of personal pronouns. The scientific and practical significance of the study lies in the addition of a number of domestic studies in relation to invective vocabulary, as well as an understanding of the essence and scope of the analyzed invectives. The research methodology is based on the concepts and theories of domestic scientists.

To analyze invective words when writing an article, S. Murtaza's novel «Kyzyl zhebe» («Red Arrow») was taken as a basis. The novel describes class struggle and various political and social conflicts. A linguoconceptual analysis of the examples was performed. Thus, the following results were obtained: in the Kazakh language, the words were often used: «stupid», «bitch», «damn you», «rotten», «pathetic» etc., which determined the final essence of invectives, differentiated their expression and expression. As a rule, invectives are used for the purpose of anger, revenge, hatred, humiliation, contempt, ridicule. As a result of the study, semantic invective groups in the Kazakh language were identified, and aggressive force was analyzed.

Keywords: invective vocabulary, language culture, linguoculturology, profanity, language aggression, linguistic phenomenon, linguoconceptual analysis, speech phenomenon

Мақала түсті: 4 ақпан 2024

Авторлар туралы мәлімет:

Меттибаева Сандугаш Абдикаликовна – докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қытайтану кафедрасының оқытушысы, e-mail: sandugashm2015@inbox.ru

Досымбекова Рауан Өрікбайқызы – PhD, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: rauan-d@mail.ru, orcid: <https://orcid.org/0000-0001-9556-0403>

Информация об авторах:

Меттибаева Сандугаш Абдикаликовна – докторант, преподаватель кафедры китаеведения, факультета востоковедения, Казахского национального университета имени аль-Фараби, e-mail: sandugashm2015@inbox.ru

Досымбекова Рауан Орикбаевна – PhD, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, e-mail: rauan-d@mail.ru, orcid: <https://orcid.org/0000-0001-9556-0403>

Information about the authors:

Mettibayeva Sandugash Abdikalikovna – doctoral student, lecturer of the Department of Sinology, Faculty of Oriental Studies, al-Farabi Kazakh National University, e-mail: sandugashm2015@inbox.ru

Dossymbekova Rauan Orikbayevna – PhD, senior lecturer, al-Farabi Kazakh National University, e-mail: rauan-d@mail.ru, orcid: <https://orcid.org/0000-0001-9556-0403>